

Камал Бұрхановтың жаңа кітабі

ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ВРЕМЕНИ



ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының ұйымдастыруымен қоғам қайраткері, белгілі ғалым, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, саяси ғылымдарының докторы, профессор Камал Низамұлы Бұрхановтың «Через призму времени: избранные статьи, выступления, интервью» атты кітабінің тұсаукесері өтті.



Әріптестері мен ғылыми қауым өкілдерінің арасында «тамаша ұйымдастырушы, талантты жетекші» ретінде белгілі, танымал ғалым Камал Низамұлының бұл жинағына автордың қазіргі кезеңнің өзекті мәселелері төңірегінде жазылып, қоғам мен мемлекеттің дамуы, ұлттық тарихтың кешегісі мен бүгінгісіне байланысты әр кездері қағаз беттеріне түскен таңдамалы мақалалары, пікірлері, ғылыми баяндамалары мен ақпарат арқылы оқырмандарға жеткен сұхбаттары енген.



Жинақ негізінен саясаттанушылар, халықаралық қатынастар мамандары мен сыртқы саясат пен мемлекетаралық қатынастармен қызығушылықта жүрген оқырмандарға арналған

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Астана қаласының ЖОО профессор-оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен БАҚ өкілдері қатысты.

**Ақпаратты дайындаған Мемлекет тарихы
институтының Ғылыми-ақпараттық бөлімі**